

М.С. Турданова¹ , Қ.Қ. Мұздыбаева¹ ,
Р.Т. Искакова¹ , И. Акбар^{2*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: akbar.imanaly@gmail.com

МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАРДЫ ТАЛДАУ: ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, ШУ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА

Инновациялық даму қалалардың индустриалды, экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін негізгі драйвер болып табылады. Дегенмен, қалалардың инновациялық дамуына әсер ететін факторларды жүйелі талдау және олардың өзара әрекеттесуін зерттеу жұмыстары әлі де тереңдетіліп жүргізілмей келеді. Сондықтан қалалардың инновациялық дамуына әсер етуші факторлар жиынтығын жіктеп, ғылыми талдау жасау инновациялық дамудағы кедергілерді айқындауда және шешу жолдарын ұсынуда маңызды рөл атқарады. Зерттеу жұмысында негізінен сапалық және сандық әдістер қолданылды. Автор(лар) әдебиеттерге шолу нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеуді табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторлар қалалық инновациялық дамуды негіздейтін үш маңызды фактор деп есептейді. Таңдалған зерттеу тақырыбы бойынша тиісті ақпаратты жинау үшін 24 респондентпен (оның ішінде 10 қала тұрғындары, 5 өңірлік даму зерттеулері бойынша сарапшылар және 5 мемлекеттік саясат сарапшылары) сұхбат жүргізіліп, қосымша құжаттар талданды. Шу қаласы мысалында моноқалалардың инновациялық дамуындағы факторлардың рөлін бағалаудан Шу қаласының инновациялық дамуын жеделдететін кейбір әлеуеттер бар болғанымен, жалпылама айтқанда қаланың дамуына кедергі келтіретін шешуге тиісті мәселелердің әлі де көп екенін көреміз. Атап айтар болсақ, біріншіден, қаланың инновациялық дамуында «әкімшілік құрылымдардың», «мемлекеттік басқарудың» және «қызмет көрсету шараларының» рөлі біршама әлсіз. Екіншіден, қалада инфрақұрылым дамымаған және қаланың кеңеюі мен қаланың урбандалу деңгейі нашар. Үшіншіден, қаладағы жасыл энергияны пайдалану, ақпараттандыру, жоғары технологиялық ресурстарды қолдану және технологияларды жалпыластыру жолға қойылмаған. Әсер етуші факторлардың өзара әрекеттесуін талдаудан табиғи факторлар қаланың инновациялық дамуының алғышарттары екендігі, экономикалық факторлар инновациялық дамудың негізі болып табылатыны және әлеуметтік факторлар қаланың инновациялық дамуының кепілдік жүйесі бола алатыны анықталды. Нәтижесінде Шу қаласының инновациялық дамуына әсер ететін факторлардың көпқабатты моделі ұсынылды. Бұл зерттеу өз кезегінде моноқалалардың инновациялық даму саясатын қалыптастыру үшін теориялық қолдау мен практикалық бағыттарды қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: моноқала, инновациялық даму, әлеуметтік фактор, табиғи фактор, экономикалық фактор, Шу қаласы.

M.S. Turdanova¹, K.K. Muzdybayeva¹, R.T. Iskakova¹, I. Akbar^{2,*}

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

² Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: akbar.imanaly@gmail.com

Analysis of factors influencing the innovative development of monocities: a case of the city Shu, Zhambyl region

Innovative development is the main driver contributing to the industrial, economic and social development of cities. However, the systematic analysis of the factors influencing the innovative development of cities and the study of their interaction are still not carried out in depth. Therefore, it is important to carry out a scientific analysis of the factors influencing the innovative development of cities. Qualitative and quantitative methods were mainly used in the research work. Based on the results of the literature review, this study believes that natural, economic and social factors are the three

important factors that underpin urban innovation development. To collect relevant information on the selected research topic, interviews were conducted with 24 respondents and additional documents were analyzed. As the results of the research show, there are some potentials to accelerate the innovative development of the city of Shu, but in general, there are still many problems in the development of the city. First, the role of “administrative structures”, “public administration” and “service measures” in the innovative development of the city is rather weak. Second, the city’s infrastructure, urban sprawl, and urban urbanization are unsatisfactory. Thirdly, the use of green energy, information, use of high-tech resources and generalization of technologies in the city are poorly established. From the analysis of the interaction of factors, it was determined that natural factors are prerequisites for innovative development of the city, economic factors are the basis of innovative development, and social factors can be a guaranteed system for innovative development of the city. As a result, the onion model of the factors affecting the innovative development of the city of Shu was proposed. This study, in turn, provides theoretical support and practical directions for the formation of innovative development policies of monocities.

Key words: monocity, innovative development, social factor, natural factor, economic factor, Shu city.

М.С. Турданова¹, К.К. Муздыбаева¹, Р.Т. Искакова¹, И. Акбар^{2,*}

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: akbar.imanally@gmail.com

Анализ факторов, влияющих на инновационное развитие моногородов: на примере города Шу Жамбылской области

Инновационное развитие является основным драйвером, способствующим промышленному, экономическому и социальному развитию городов. Однако системный анализ факторов, влияющих на инновационное развитие городов, и изучение их взаимодействия до сих пор не проведены углубленно. Именно поэтому научный анализ путем классификации факторов, влияющих на инновационное развитие городов, играет важную роль в выявлении препятствий инновационного развития и предложении решений. В исследовательской работе преимущественно использовались качественные и количественные методы. Основываясь на результатах обзора литературы, в настоящем исследовании предполагается, что природные, экономические и социальные факторы являются тремя важными факторами, лежащими в основе инновационного развития городов. Для сбора актуальной информации по выбранной теме исследования были опрошены 24 респондента (в том числе 10 городских жителей, 5 экспертов по исследованию регионального развития и 5 экспертов по государственной политике) и проанализированы дополнительные документы. Из оценки роли факторов инновационного развития моногородов на примере города Шу мы видим, что хотя и существуют некоторые потенциалы, ускоряющие инновационное развитие города Шу, в целом остается еще много проблем, требующих решения. что мешает развитию города. В частности, во-первых, в инновационном развитии города достаточно слаба роль «административных структур», «государственного управления» и «услуг». Во-вторых, инфраструктура в городе не развита, а уровень развития и урбанизации города не является удовлетворительным. В-третьих, слабо налажено использование зеленой энергетики в городе, информации, использование высокотехнологичных ресурсов и обобщение технологий. В результате анализа взаимодействия влияющих факторов определено, что природные факторы являются предпосылками инновационного развития города, экономические факторы являются основой инновационного развития, а социальные факторы могут быть гарантирующей системой инновационного развития города. В результате была предложена многослойная модель факторов, влияющих на инновационное развитие города Шу. Данное исследование, в свою очередь, обеспечивает теоретическое обоснование и практические направления формирования политики инновационного развития моногородов.

Ключевые слова: моногород, инновационное развитие, социальный фактор, природный фактор, экономический фактор, город Шу.

Кіріспе

Қалалардың инновациялық дамуы аймақтық және ұлттық деңгейде инновациялық жүйелердің өнімділігін негіздейтін басты драйвер болып табылады (Ari-Veikko 2016, Lauer and Liefner 2019, Deng and Chen 2020). Дүние жүзі эпидемиядан кейінгі жаһандық экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жағдайлардың нашарлауымен бетпе-бет келіп отырғанда, қалалардағы ортаны үнемі жақсартуды қамтамасыз етудің шұғыл қажеттілігі туындайды. Бұған қол жеткізудің бір жолы – қалаларға инновациялық жүйелер мен технологияларды жүйелі түрде енгізу (Zhang et al. 2023). Қалалардың инновациялық дамуы тұрақты дамудың тұжырымдамаларын жүзеге асыруға және аймақтық дамуға негізделген экономикалық өсу үлгілерін басқаруға айтарлықтай мүмкіндіктер береді (Popescu 2020).

Жаһандық тұрғыдан алғанда, көптеген компаниялар мен үкіметтік ұйымдар өз назарын капиталмен қамтамасыз етуден инновациялық жүйелерге аударуда. Бұл дамып келе жатқан экономиканың негізгі ерекшелігі «жаһандық өндірістік желіден» «жаһандық инновациялық желіге» ауысу дегенді білдіреді, яғни қалалар тек экономикалық күшті ғана емес, сонымен қатар инновациялық мүмкіндіктері де мол болғаны абзал деген сөз (Li and Zhang 2020). Бұл тұрғыда 2019 жылғы Innovation Cities Index: Global деректері бойынша Қазақстан қалаларының рейтингі айтарлықтай өскенімен, алайда инновациялық қалалардың топ ондығын әлі де АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Франция, Сингапур және Канада сияқты дамыған елдер бастап тұр (Dutta, Lanvin and Wunsch-Vincent 2019). Қазақстан үкіметінің соңғы 10 жылдықта цифрлық дамуға баса мән беруінің арқасында елдегі ірі қалалардың инновациялық дамуында жаңа дәуір басталғанымен, өкінішке орай, Қазақстанның қалалық инновациялық даму мүмкіндіктері әртүрлі аймақтарда ұқсамаған нәтижелерді беретін теңгерімсіз даму үлгісіне ие. Мұндай құбылыстарды аймақтық дамумен байланысты ауқымдық әсермен жай ғана түсіндіру мүмкін емес (Njøs and Jakobsen 2016). Олар адами капиталға, технологияға және басқа ресурстарға қолжетімділік сияқты нақты факторлармен байланысты болуы мүмкін (Zhang et al. 2023). Сондықтан еліміздегі және басқа елдердегі қалалардың жалпы инновациялық даму деңгейін жақсарту үшін қалалық инновацияға ықпал ететін негізгі факторларды нақтылау әлі де маңызды міндет болуға тиіс.

Бүгінгі таңда, қалалардың инновациялық дамуындағы мәселелерді зерттеу өзекті тақырыптардың біріне айналуы таңқаларлық жәйіт емес. Әдетте экономика, география, демография және экология сияқты ғылым салалары қалалардың инновациялық дамуын зерттеудің маңызды нысаны ретінде қарастырылатыны даусыз. Кейбір ғалымдар қалалардың ерекше түрлерінің (мысалы, ресурстарға негізделген қалалар) (Tan et al. 2014), орталық үкіметтің бақылауындағы муниципалитеттердің (Li and Wu 2015) және ескі өнеркәсіптік қалалардың инновациялық дамуы бойынша айтарлықтай зерттеулер жүргізді (Dong and Jing 2014). Yong et al. (2016) ақпараттандыруды дамыту келешегін, қаржылық және технологиялық инновациялық дамудың әсерін талдаған болса, Yang et al. (2019) өнеркәсіптік даму, қаланың кеңеюі және қалалық инновациялық даму арасындағы байланысқа сала-қала интеграциясы тұрғысынан талдау жасады. Нәтижесінде әртүрлі пәндік фон мен зерттеу бағытына байланысты зерттеулер қалалардың инновациялық даму тұжырымдамасы туралы әртүрлі көзқарастарды ұсынды.

Қазақстандағы моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау нәтижесі бойынша қалаларда экономикалық, әлеуметтік сала, инфрақұрылымдық мәселелер жағдайының деңгейі төмен, яғни моноқалалардағы өндірісті қайта жандандырмай әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту қиынға соқпақ (Асанова мен Нұрсейтова). Қазақстандағы моноқалаларды дамыту бойынша іске асырылған жобалардың нәтижелері туралы үкіметтің есептері электр желілері мен сумен жабдықтау желілерінің жақсарғанын ғана көрсетті, бірақ БАҚ-тағы зерттеулер мен мақалаларда бұл бағдарламалар мен жобалардың түпкілікті тұтынушылары – жергілікті қоғамдастық үшін тиімділігі төмен және әсері мен құндылығының төмендігі айтылады (Uzakova, Ospanova and Uzak 2022). Урбанизация процестерінің динамикасы, бағдары және аумақтық бөлінуі елдегі урбандалу процестерінің біркелкі емес болуына әкеледі, сонымен қатар урбанизация факторларының Қазақстан жағдайында толық көрініс тапқанын көрсетеді (Nurlanova, Pleuberdinova and Saparbek 2022). Осыған байланысты моноқалалардың мәселелерін шешу жолдарын зерттеу, әлеуметтік–экономикалық даму жағдайын талдау, дамуды тежейтін және шектейтін факторларды анықтау, моноқалалардың ерекшеліктерін пайдалану тиімділігі бойынша жүйені

әзірлеу өзектілігін арттырады (Акбергенова, Егембердиева and Асанова 2022).

Қалалардың инновациялық дамуына әсер етуші факторларды нақтылау қаланың жалпы инновациялық даму деңгейін арттырудың өзегі. (Elkington 1998, Alhaddi 2015). Жоғарыда айтылғандай, әртүрлі зерттеулер қалалық инновациялар мен дамудың әртүрлі аспектілеріне бағытталған. Дегенмен, олар көбінесе қалалық экологиялық даму процестерінің күрделі құбылыстарын түсіндіруде салыстырмалы түрде тар зерттеу шеңберімен шектеледі. Шектеулі зерттеу үрдісін қабылдау кейбір нақты инновациялар мен қалаға байланысты факторлардың дамуын егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік бергенімен, ол көп жағдайда қалалардың инновациялық дамуына қатысты жалпы тетіктерді көрсетпеуі ықтимал. Сонымен қатар, жоғарыдағы талдау нәтижесінен соңғы жылдардағы зерттеулер негізінен қалалардың инновациялық тиімділігін бағалау үшін индекстік жүйелерді құруға назар аударған және қалалардың инновациялық дамуына әсер етуші факторлардың өзара әрекеттесуіне аз мән берген деп қорытынды шығаруға болады. Тағы да қоса кетсек, ғалымдардың зерттеулері әртүрлі қалалардағы инновациялық дамудың тиімділігін нақты өлшенгенімен, қалалық инновациялық дамуда сақталып отырған кемшіліктерін тиімді шешуде қауқарсыз болды. Біздің зерттеуіміздің мақсаты – инновацияларды қолдану арқылы тұрақты және үйлестірілген экономикалық өсуді ынталандыруға бағытталған қаланы дамыту моделін құрастыру. Бұл мақсаттың жүзеге асуы инновациялық ресурстардың бірігуі арқылы қаланың күрделі жүйесін кезең-кезеңімен реттеу және өзін-өзі теңестірудің нәтижесі болып табылады. Зерттеу осыған ұқсас болашақ ғылыми зерттеулерге теориялық негіз болады. Зерттеуде қазіргі уақытта көптеген қалаларда кездесетін проблемаларды (халықтың өсуі, ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы және т.б.) шешудің жаңа үлгісін ұсынамыз.

Зерттеу аймағына қысқаша шолу. Шу қаласы –Жамбыл облысындағы қала және Қазақстандағы ең ірі шағын қалалардың бірі. Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің 1937 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен Шу станциясына қала типтес елді мекен мәртебесі берілді.


1957 жылы Шу депосы толығымен тепловоздарға көшкеннен кейін бұрынғы Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен тепловоз жөндеу мен пайдалануды үйренуге келушілер көбейді.

1960 жылы 24 желтоқсанда жарияланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Шу жұмысшылар кенті ауданға қарасты Шу қаласы деп аталды. 1962 жылы жаңадан құрылған Оңтүстік Қазақстан облысына байланысты Шу қаласы облыстық билікке бағынды. Екі жылдан кейін облыс таратылып, Шу қаласы қайтадан Шу ауданына қосылды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1965 жылғы 4 қарашадағы Жарлығымен Шу қаласы Жамбыл облысының қармағына берілді. Ал 1997 жылдың 1 сәуірінен бастап Елбасының Жарлығымен Шу қаласы қайтадан Шу ауданының құрамына енді. Бүгінгі таңда Шу қаласының 40 мыңнан астам тұрғыны бар, бейресми түрде «Теміржолшылар қаласы» деп те аталады.

Қалада орналасқан кәсіпорындар мен мекемелер. Шу қаласы аумағында «Шу тепловоз жөндеу зауыты», «Шу механикалық жөндеу зауыты», «Шу астық тарату базасы», «Шатыркөл» мыс кеніші, «Шу вагон кәсіпорны», «Шу жолаушылар вагоны кәсіпорны», « Онда Қазақ соқырлар қоғамының «өндірістік кәсіпорны» және басқа да кәсіпорындар мен мекемелер орналасқан.

Шу Қазақстанның оңтүстігі мен Қырғызстанның солтүстік облыстары үшін маңызды көлік торабы болып табылады. Мұнда шығыс-батыс Түркістан-Сібір темір жолы солтүстікке қарай Астанаға және Транссібір темір жолының бойындағы Петропавлға баратын теміржолмен қосылады. Жолаушылар үшін үлкен көлік торабы қызметін атқара отырып, Шудың орталықта орналасуы оны теміржол жүктері үшін де табиғи ірі торапқа айналдырады.

Шу қаласы географиялық орналасуына байланысты Қазақстандағы облыстық маңызы бар ең дамыған моноқалалардың бірі болып табылады. 2023 жылғы 1 шілдедегі статистикалық мәліметтер бойынша қала тұрғындарының саны 45514 адамды құрады, оның ішінде 22075-і ер адамдар, 23439-ы әйелдер (Stat.gov.kz 2023). Қаладағы әлеуметтік-мәдени орындар. Қалада 10-ға жуық балабақша мен медбике, 11 жалпы білім беретін мектеп, 1 кәсіптік-техникалық мектеп, 2 колледж, 6 кітапхана, 1 мәдениет үйі, 2 стадион және бірнеше діни орталықтар бар. Денсаулық сақтау нысандарына келетін болсақ, 1 орталық қалалық аурухана, 1 аудандық емхана, 1 тубдиспансер, 1 отбасылық дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік пункт, стоматологиялық емхана халыққа қызмет көрсетеді.



1-сурет – Шу қаласының географиялық орналасу картасы (авторлармен құрастырылған)

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеудің негізгі идеясы Жамбыл облысының моноқалаларының инновациялық даму жағдайына талдау жасаудан туындады. Деректер жинау 2023 жылдың 21 наурызы мен 20 маусымы аралығында 3 айлық кезеңде жүргізілді. Шу қаласының инновациялық дамуын терең түсіну үшін Шу қаласының жергілікті тұрғындарының өкілдері мен тиісті мамандардан сұхбат алынды.

Тандалған зерттеу бағыты бойынша тиісті ақпаратты жинау үшін 24 респондентпен (оның ішінде 10 қала тұрғындары, 5 өңірлік даму зерттеулері бойынша сарапшылар және 5 мемлекеттік саясат сарапшылары) сұхбат жүргізіліп, қосымша құжаттар талданды. Сонымен қатар, біз кейбір құжаттарды, соның ішінде жалпы есептер мен соңғы жылдары жасалған мерзімді есептерді қарап шықтық. «Моноқаланың инновациялық дамуына әсер етуші факторлар» тақырыбына қатысты жаңалықтар мен мақалалар да жинақта-

лып, зерттеуге енгізілді. Зерттеу жұмысы негізінен құжаттарды сапалық, сандық, сипаттамалық және мазмұндық талдау әдістерін қолдану арқылы жасалды (Сурет 2).

Сауалнамада 5 балдық Лайкерт шкаласы қолданылды. Зерттеу барысында моноқалалардың инновациялық дамуына әсер ететін факторларды өлшеу үшін жалпы 12 түрлі көрсеткіш қолданылды: Әлеуметтік факторлар (5 көрсеткіш), Табиғи факторлар (3 көрсеткіш) және Экономикалық факторлар (4 көрсеткіш). Деректер Microsoft Excel 2016 бағдарламасы арқылы талданып, сипаттамалық статистика орташа балл мен стандартты ауытқу мәндерін қорытындылау үшін пайдаланылды.

Барлық тиісті респонденттерге арналған сауалнама екі негізгі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім олардың жынысы, жасы және білім деңгейі туралы негізгі ақпаратты алу үшін сәйкес опцияда «√» белгісін қою арқылы құрастырылған. Екінші бөлімде моноқалалардың инновациялық дамуының әсер етуші факторларына қатысты

мәлімдемелер бойынша респонденттердің пікірі бағаланады. Екінші бөлімдегі барлық көрсеткіштер бағалау өлшемдері ретінде әзірленіп, респонденттерді 5 (өте жақты), 4 (жақсы), 3 (орташа), 2 (қанағаттанарлық) және 1 (нашар) сияқты 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағалауға шақырды (Кесте 2).

Бұл зерттеудегі сауалнамаға қатысушылар үлгісі мүдделі тараптардың, соның ішінде қала тұрғындары мен сарапшылардың көзқарастарын білу мақсатында таңдалды. Зерттеу үлгілерінің таралуы 1-кестеде көрсетілген. Деректер бетпесте кездесіп сұхбаттасу және электрондық поштада жауап беру арқылы жиналды.



2-сурет – Зерттеу әдістерінің схемасы (авторлармен құрастырылды)

1-кесте – Іріктелген респонденттердің сипаттамалары

Сипаттамалар	Саны	Пайыздық көрсеткіші (%)
Жынысы:		
Ер	14	58.33
Әйел	10	41.67
Жасы:		
Жастар (18–34)	8	33.33
Орта жастағылар (35–54)	10	41.67
Қарттар (≥55)	6	25.00
Білімі:		
Орташа (мектеп немесе колледж)	10	41.67
Жоғары (университет немесе одан жоғары)	14	58.33
Зерттеу аймағының тұрғындары:		
Қалада тұрғанына 10 жыл толмағандар	8	57.14
Қалада 10 жылдан астам уақыт тұратындар	6	42.86
Сарапшы мамандар:		
Аймақтық дамуды зерттеу бойынша сарапшылар	5	50.00
Мемлекеттік саясат саласындағы сарапшылар	5	50.00

1-кесте респонденттердің көпшілігі ер адамдар және жоғары білімі барлар екенін көрсетті, олар сәйкесінше 58,33% және 58,33% -ды құрайды. Респонденттердің ең жоғары үлесі 35-54 жас (41,67%), одан кейін 18-34 жас, 33,33%, сондай-ақ респонденттердің ең аз үлесі 55 жастан жоғары (25,00%) егде жастағылар болды. 1-кестеден біз тағы қатысушылардың жартысынан көбі (57,14%) қалада 10 жылдан астам өмір сүріп жатқан адамдар екенін көреміз, бір аймақта ұзақ уақыт қоныстанғандар аймақ туралы жақсы біледі деп есептелетіндіктен, олардың жауаптары зерттеу нәтижесінің дұрыстығына оң әсер етуі мүмкін. Ал сарапшыларға келетін болсақ, қатысушы екі саланың (аймақтық даму сарапшылары және мемлекеттік саясат сарапшылары) пікірі бірдей маңызды деп қарағандықтан, олар теңдей (50,00%) талдауға қатысты.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Шу қалаласының инновациялық дамуына әсер етуші факторлар:

Әлеуметтік факторлар: Әлеуметтік факторлар қалалық инновациялар мен дамудың әлеуметтік жүйесіне кіретін әсер етуші факторлар болып табылады. Әлеуметтік жүйе халықпен, саясатпен және әлеуметтік құрылыммен тығыз байланысты. Мәдениет, халық құрамы, әкімшілік жүйе және білім деңгейі – осының бәрі қоғамдық ұйымдар мен қызмет көрсетудің арақатынасын талдағанда ескерілуі тиіс факторлар. Бұл факторлар қалалар мен қала орталықтарының инновациялық дамуымен тығыз байланысты (Ma 1984, Tan, O'Connor and Westerman 2008, Barrado-Timón, Palacios and Hidalgo-Giral 2020).

Табиғи факторлар: Киелі Шу өңірі табиғаты көркем, даласы дархан да шуақты шапағатымен ел-жұртына бақ-береке мен ырыс сыйлаған құтты мекен. Батысын облыстың тең жартысына жуық жерін қамтыған Мойынқұм алқабының құмды-қырқалы төбелері, шығысын Кіндіктас сілемінің батыс бөлігі, орталық және солтүстік бөлігін Шу-Іле тауларының Айтау, Хантау, Аңырақай таулары мен Жусандала үстіртті даласы алып жатыр. «Қоршаған орта», «табиғи процесс», «бәсекелестік» және «симбиоз» сияқты адамзаттың тіршілігіне байланысты ұғымдарды қалалардың немесе қауымдастықтардың тұрақты дамуын талдау үшін пайдалануға болады. Абаттандыру және көгалдандыру: теміржол

вокзалының ғимараты мен аумағын жөндеу мәселесі де өзекті. Негізгі құрылыстар «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның меншігінде болғанымен, вокзалға іргелес жатқан жерлер қала аумағында орналасқандықтан, бұл аумақтарды жөндеу және абаттандыруға қаржы қарастырылып, 2024 жылы жүзеге асыру жоспарланған. Санитарлық тазалау: «Green city» ЖШС-і Шу қаласына қосымша қоқыс шығару үшін 4 дана 12 текше техникамен қызмет көрсетуде.

Экономикалық факторлар: Экономикалық іс-әрекет адамдардың өмір сүруі мен дамуы үшін өндірісті, айналымды және тұтынуды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралармен байланысты. Қаланың инновациялық даму процесіндегі экономикалық факторларды қарастырған кезде, бұл зерттеу негізінен олардың ақшалай нысаны емес, экономикалық кіріс пен өнімнің материалдық формасын талдауды жөн көрді.

Бұл мақалада моноқалаларды инновациялық дамытудың әсер етуші факторлары туралы Шу қаласының тұрғындары мен тиісті сарапшылардың пікірлері зерттелді. Біздің зерттеуіміз авторлар маңызды деп есептеген 12 көрсеткішті қамтыды (Кесте 2). Нақтырақ айтқанда, бұлар моноқаланың инновациялық дамуына әлеуметтік, табиғи және экономикалық тұрғыдан әсер ететін кейбір шешуші факторлар болып табылады.

Респонденттердің 2-кестедегі сипаттамаларға берген бағасынан (орташа мән = 2.890) жалпы беттік қарағанда Шу қаласының инновациялық дамуына жағымды әсер етуші әлеуметтік факторлардың әлі де біршама әлсіз рөл ойнап отырғанын көреміз. Бұл құбылыс дамушы елдерде жиі кездесетін ортақ мәселелердің бірі деп айқындауға болады. Сауалнамаға қатысушылардың пікірлеріне негізделсек Шу қаласының инновациялық дамуында «әкімшілік құрылымдардың» (орташа мән = 2.42), «мемлекеттік басқарудың» (орташа мән = 2.31) және «қызмет көрсету шараларының» (орташа мән = 2.92) рөлі орташадан төмен деңгейді көрсетіп отыр. Ал қалған екі көрсеткіш бойынша респонденттер біршама оң баға берген, олар жеке-жеке «мәдени орта» (орташа мән = 3.42) және «халық құрылымы» (орташа мән = 3.38). Жоғарыдағы нәтижелер Шу қаласының инновациялық дамуын жеделдететін кейбір әлеуеттер бар екенін көрсеткенімен, жалпылай қарағанда қаланың дамуына кедергі келтіретін шешуге тиісті мәселелерді әлі де көп деп айтуға болады.

2-кесте – Сипаттамалық статистикалық нәтижелер

Сауалнама құрылымы мен көрсеткіштері:	Орташа мән	Стандартты ауытқу	Жауаптардың үлесі (%)		
			Тұшымды жауап*	Бейтарап	Тұшымсыз жауап **
Әлеуметтік факторлар	2.890				
ӘФ1- Әкімшілік деңгейлер (иерархия): қаладағы жергілікті мемлекеттік органдардың және орталықтандырылған басқару жүйелерінің қызметі.	2.42	1.192	68.9	6.3	24.8
ӘФ2- Мәдени орта: қаладағы кәсіпкерлік мәдениеттің, тұтынушылық сұраныстың және білімге құштарлықтың жағдайы.	3.42	1.173	64.0	6.3	29.7
ӘФ3- Халық құрылымы: қаладағы кәсіби таланттардың жиналуы және халықтың білім өресі.	3.38	1.162	61.7	9.0	29.3
ӘФ4- Мемлекеттік басқару: қаладағы саяси жүйе, жүйелі инновация, әлеуметтік басқару және басқару құрылымы.	2.31	1.268	68.9	11.3	19.8
ӘФ5- Қызмет көрсету шаралары: қаладағы қаржылық қызметтер, заң қызметтері және мемлекеттік қызметтер.	2.92	1.037	31.1	45.0	23.9
Табиғи факторлар	3.257				
ТФ1- Қала масштабы: қалалық инфрақұрылым, қаланың кеңеюі және қаланың урбандалу деңгейі.	2.57	1.185	29.3	8.1	62.6
ТФ2- Географиялық орналасуы: қаланың аймақтық артықшылықтары, агломерациясы және аймақтық өзгешеліктер.	3.98	1.171	14.4	9.9	75.7
ТФ3- Экологиялық орта: қоршаған ортаның сапасы және қаланың экологиялық қорғалу жағдайы.	3.22	1.262	55.4	8.1	36.5
Экономикалық факторлар	3.085				
ЭФ1- Экономикалық даму: қаладағы экономикалық масштаб, экономикалық құрылым және қаржылық инвестиция.	3.22	1.262	55.4	8.1	36.5
ЭФ2- Өнеркәсіптік құрылым: қаладағы өнеркәсіптің түрлері, сала-қала интеграция және өнеркәсіптік жеткізу тізбегіндегі ынтымақтастық.	3.20	1.137	54.1	11.7	34.2
ЭФ3- ЕҒ3- Өнеркәсіптік агломерация: қаладағы өнеркәсіптік ынтымақтастық, өнеркәсіптік мамандандыру және өнеркәсіпті әртараптандыру.	3.38	1.181	65.4	7.2	27.4
ЭФ4- Технологиялық инновациялар: қаладағы жасыл энергияны пайдалану, ақпараттандыру, жоғары технологиялық ресурстар және технологиялық қолжетімділік.	2.54	1.202	24.8	14.4	60.8

Ескерту: * Тұшымды жауап: өте жақсы + жақсы, ** Тұшымсыз жауап: қанағаттанарлық + нашар.

Қаланың инновациялық дамуына әсер ететін табиғи факторлар тұрғысынан «қала масштабы», «географиялық орналасу» және «экологиялық орта» қарастырылған болатын. Сауалнамаға қатысушылардың бағалауы бойынша жалпы қорытынды баға (орташа мән = 3.257) орташадан жоғары болып, Шу қаласының инновациялық дамуында географиялық факторлардың әсері біршама жақсы екенін дәлелдеді. Алайда есепке алынған 3 фактордың біреуінің бағалануы орташадан төмен мәнге ие екендігі аталған факторлардың кері әсерінің


болуын аңғартады. Атап айтар болсақ, респондентер «қала масштабы» тармағындағы көрсеткіштерге қанағаттанбайды (орташа мән = 2.57). Бұдан біз Шу қаласының инновациялық дамуында «қаланың аймақтық артықшылықтары, агломерациясы және аймақтық өзгешеліктер» мен «қоршаған ортаның сапасы және қаланың экологиялық қорғалу жағдайы» сияқты табиғи артықшылықтар болғанымен, қалада инфрақұрылым, кеңеюі және урбандалу бойынша әлі де шешімін таппаған түйткілдердің бар екенін байқай аламыз.

Соңында сауалнама қатысушыларының инновацияға әсер етуші экономикалық факторларды бағалау нәтижесі қаладағы экономикалық даму (орташа мән = 3.22), өнеркәсіптік құрылым (орташа мән = 3.20) және өнеркәсіптік агломерация (орташа мән = 3.38) біршама жақсы жолға қойылғанын көрсеткенімен, тағы бір келеңсіз жәйт қаладағы технологиялық инновациялардың (орташа мән = 2.54) төмен деңгейде болуы. Атап айтар болсақ, қаладағы жасыл энергияны пайдалану, ақпараттандыру, жоғары технологиялық ресурстар және технологиялық қолжетімділікке тұрғындар мен сарапшылардың қанағаттану деңгейі төмен.

Әсер етуші факторлардың өзара әрекеттесуі

Қалалардың инновациялық дамуы көптеген субъектілер мен деңгейлердің өзара әрекеттесуін көздейді: бұл қалалар инновациялық үдеріс барысында жаңа немесе бұрыннан бар іс-шараларды жаңа тәсілдермен жүзеге асыру қажет дегенді білдіреді. Микроэкологиялық жүйе ретінде қала өзінің дамуы барысында сыртқы ортамен материалды және энергия алмасуды қамтамасыз етеді. Сондықтан, қаланың инновациялық дамуын қарастырған кезде, біз оны қажетті табиғи, әлеуметтік және экономи-

калық факторлармен байланыстыру ең дұрыс тәсіл деп есептейміз. Шынында да, табиғи факторлар, әлеуметтік факторлар және экономикалық факторлар қалалық инновациялар мен даму процесінде әртүрлі позицияларды алады, өзара әрекеттеседі және әртүрлі аспектілер арқылы қалалардың инновациялық дамуына синергетикалық әсер етеді. Сапалық талдау нәтижелеріне сүйенсек, табиғи факторлар қаланың пайда болуы, құрылыс жұмыстары және қызметі процесіндегі әртүрлі жағдайлардың жиынтығы болып, қалалардың инновациялық дамуында басты фактор деп саналады. Әлеуметтік факторлар қаланың инновациялық дамуының өзіндік шектеулері мен шарттарын көрсетеді. Экономикалық факторлар саясаткерлердің шешімдеріне зор дәрежеде әсер етеді және сайып келгенде, қаланың инновациялық дамуының бағыты мен деңгейін анықтайды. Жоғарыдағы талдаулардан Қалалардың инновациялық дамуы табиғи факторлардың кең ауқымында, әлеуметтік факторлардың белгілі бір шегінде болып, экономикалық факторларда көрініс табатынын көруге болады. Зерттеу нәтижелері негізінде 3-суретте көрсетілгендей Шу қаласының инновациялық дамуына әсер ететін факторлардың көпқабатты моделі ұсынылды (3-сурет).



3-сурет – Шу қаласының инновациялық дамуына әсер ететін факторлардың көпқабатты моделі

Табиғи факторлар қаланың инновациялық дамуының алғышарты болып табылады, ол ресурстарды пайдалануды және қолданатын шараларды жергілікті жағдайларға бейімдеуді талап етеді. Өнеркәсіптің дамуы қаланың табиғи ортасына да әсер ететіні белгілі, мысалы, өнеркәсіпті жаңғырту қаланың кеңеюіне ықпал етеді. Инновация тек қаланың дамуына ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар көршілес басқа елді-мекендердің дамуына да әсер етеді: инновациялық қызмет аймақтық инновациялық желідегі қалалардың позициясына тікелей немесе жанама түрде әсер етіп, айналасындағы өңірлермен байланыс орнатуға көмегін тигізеді.

Экономикалық факторлар қалалардың инновациялық дамуының негізгі факторлары болып табылады. Қала құрылысы күрделі ішкі өзара әрекеттесу үлгісін құра отырып, өндірістік белсенділік пен дамуға негізделеді. Сондай-ақ, өнеркәсіптік даму мен қала құрылысы бір-бірінен ажырамайды: өнеркәсіптік жүйе мен қала жүйесі өзара әрекеттесіп, бірін-бірі дамытып, әрі тежеп отырады, осылайша қаланың спиральды даму үлгісін өзара ілгерілетеді (Wang, Yang and Qian 2020).

Әлеуметтік факторлар қаланың инновациялық дамуының кепілдік факторлары болып табылады: қаланың дамуы әлеуметтік жүйелердің қауіпсіздігін талап етеді. Олар қажетті күрделі салымдарды, халықтың құрылымын, жоғары технологиялық адам ресурстарын шоғырландыруды, мемлекеттік саясатты басшылыққа алуды және үйлестіруді, заңды қорғау механизмдерін, қаржылық қызметтерді және т.б. қамтиды. Бұлар өнеркәсіптік модернизацияға ықпал ету арқылы қаланың инновациялық дамуын ілгерілетеді. Әлеуметтік жүйелер өнеркәсіптік дамудың кепілдіктерін қамтамасыз етеді және өнеркәсіптік дамудың әртүрлі кезеңдері мен үлгілеріне бейімделуі қажет. Сонымен қатар ғылым мен техниканың дамуы әлеуметтік жүйелерді басқару әдістері мен қызмет көрсету сапаларын жаңартуды талап етеді. Мұның бәрі өз кезегінде қаланың экономикалық деңгейінің тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

Бұл зерттеу, «қала инновациялары мен дамуына қандай факторлар әсер етеді және бұл факторлар қалалық инновациялар мен дамуға қалай әсер етеді» деген негізгі мәселеге назар аударатын отырып, шағын қаланы зерттеу ныса-

ны ретінде таңдады. Сонымен қатар авторлар экологиялық орта мен әлеуметтік даму перспективалары бойынша қалалардың инновациялық дамуына әсер етуші факторларға кешенді зерттеулер жүргізді. Ғылыми жұмыста теорияның сапалы зерттеу әдісіне және әдебиеттерге жасалған шолуға сүйене отырып, қалалардың инновациялық дамуына әсер ететін факторлар анықталды: олар табиғи тұрғыдан алғанда «қоршаған орта сапасы», «географиялық орналасу» және «қала масштабы»; экономикалық тұрғыдан алғанда «экономикалық деңгей», «өнеркәсіптік құрылым», «өнеркәсіп агломерациясы» және «технологиялық инновациялар»; және әлеуметтік тұрғыдан алғанда «әкімшілік иерархия», «мәдени орта», «халық құрылымы», «мемлекеттік басқару» және «қызмет көрсету шаралары» болып табылады. Сонымен қатар зерттеу нысаны ретінде таңдалған Шу қаласының инновациялық дамуында аталған факторлардың әсері бағаланды. Талдау нәтижелерін сараптай келе біз қаланың инновациялық дамуының маңызды қозғаушы күштерінің бірі саналатын әлеуметтік факторлардың Шу қаласының инновациялық дамуына жағымды әсері әлсіз болғанымен, қаланың инновациялық дамуындағы табиғи және экономикалық әлеуеттерді біршама жақсы деген жалпылама қортындыға келеміз.

Одан соң біз әсер етуші факторларды жүйелі түрде талдап, олардың өзара әрекеттесу моделін құрастырдық (Сурет 3). Моделден байқағанымыздай Шу қаласының инновациялық дамуына әсер ететін табиғи факторлардың, экономикалық факторлардың және әлеуметтік факторлардың бір-біріне әсері мен өзара тәуелділігі бар. Табиғи факторлардың әлеуметтік факторларға әсері негізінен ірі қалалар тудырған адам ресурстарының жинақталуына байланысты, бұл өз кезегінде халықтың білім деңгейін жақсартады. Табиғи факторлар мен әлеуметтік факторлар бір-бірі толықтыруы мемлекеттік саясаттың жүргізілуінде, қаланың қоршаған ортасын қорғауда, әлеуметтік басқаруда, қаланың экологиясын жақсартуда, қаланың экономикалық даму деңгейін жақсартуда және қала ауқымын кеңейтуде көрініс табады. Экономикалық факторлар қалалық инновациялық дамудың негізгі факторлары ретінде табиғи факторларға негізделеді және әлеуметтік факторлармен қорғалады: бұлар өз кезегінде қалалық инновацияның дамуына тікелей әсер етеді. Факторлардың үш негізгі тобының қалалық инновацияның дамуына әсері оқ-

шауланбайды, өйткені олардың өзара маңызды байланыстары бар.

Ұсыныстар:

Жоғарыда талданған нәтижелер негізінде қалалардың инновациялық дамуын ынталандыру бойынша үш негізгі ұсыныс берілді.

(1) Табиғи факторлар, қалалардың инновациялық дамуының алғышарттары ретінде, Шу қаласын жобасын жасаушылар үшін басты ойластыратын талаптар болуы қажет. Қалалық инновациялар аймақтың экологиялық жағдайын қолдау үшін қол жетімді ресурстармен географиялық орналасуды сәйкестендіруі керек. Сонымен қатар инновациялық даму стратегиялары жергілікті жағдайларға бейімделуі тиіс.

(2) Қала деңгейіндегі экономикалық қызметтің тасымалдаушысы өнеркәсіп, ал өнеркәсіптік даму қаланың даму процесінің негізі болып табылады. Қаланың инновациялық дамуы өнеркәсіптік салаларды жаңартумен және дамытумен тығыз байланысты. Сондықтан Шу қаласының инновациялық дамуына жауапты тұлғалар өнеркәсіптік қызмет пен қала құрылысын үйлестіруді ұзақ мерзімді перспективада қарастыруы қажет. Бұған қаланың инновациялық даму үшін қолдау көрсететін өнеркәсіптік негізді қамтамасыз ету

және өнеркәсіптік агломерацияны дамытуға белсенді жәрдемдесу арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен бірге, Қалалық орталықтарға университет пен саланың ғылыми-зерттеу ынтымақтас-тығы және технологиялар трансферті қызметі аясында жоғары оқу орындарымен өзара іс-қи-мылды ынталандыру арқылы өнеркәсіптік сек-тордағы технологиялық инновациялар деңгейін күшейту ұсынылады.

(3) Қалалар жоғары технологиялық өндіріс-тер мен жоғары білікті жұмыс күшін тарту үшін қолайлы мәдени және әлеуметтік орта құруы керек. Шу қаласының әкімшілігі қаланың ин-новациялық даму процесінде талантты адамдар ұсынған шығармашыл идеяларды енгізудегі ке-дергілерді азайтуы керек. Бұл ғылым мен өндіріс өзара ұзақ мерзімді әрекеттесетін және тұрақты тартымдылыққа ие толерантты ортаны құру үшін ынталандыру жүйесін жетілдіру қажет дегенді білдіреді. Тағыда қоса кетсек, үкімет-тің қаржылық қолдауы мен қолайлы саяси орта өнеркәсіпті дамытуда маңызды рөл атқарады. Сол себепті, үкімет капиталды бөлудің ұтымды әдістерін енгізу және нарықтық механизмді же-тілдіру үшін қажетті қызметтердің болуын қам-тамасыз етуі керек.

Әдебиеттер

1. Alhaddi, H. (2015) Triple bottom line and sustainability: A literature review. *Business and Management Studies*, 1, 6-10.
2. Ari-Veikko, A. (2016) City-as-a-Platform: The Rise of Participatory Innovation Platforms in Finnish Cities. *Sustainability*, 8.
3. Barrado-Timón, D., A. Palacios & C. Hidalgo-Giralt (2020) Medium and Small Cities, Culture and the Economy of Culture. A Review of the Approach to the Case of Spain in Light of International Scientific Scholarship. *Sustainability*, 12.
4. Deng, Z. & Y. Chen (2020) Research on place-making in innovation districts. *City Planning Review*.
5. Dong & L. Jing (2014) Study on Innovation Factors of Industrial Transformation in the Old Industrial City. *Advanced Materials Research*, 962-965, 2529-2532.
6. Dutta, S., B. Lanvin & S. Wunsch-Vincent (2019) The global innovation index 2017. Cornell University, INSEAD, & WIPO (Eds.), *Global innovation index*, 1-39.
7. Elkington, J. (1998) Partnerships from cannibals with forks: The triple bottom line of 21st-century business. *Environmental Quality Management*, 8, 37-51.
8. Lauer, J. & I. Liefner (2019) State-Led Innovation at the City Level: Policy Measures to Promote New Energy Vehicles in Shenzhen, China. *Geographical Review*.
9. Li, H. & Y. Wu (2015) The Influence Factor and the Vision Design of the “Human Urbanization”: Observation of a Municipality Directly Under the Central Government. *Reform*.
10. Li, L. & X. Zhang (2020) Spatial Evolution and Critical Factors of Urban Innovation: Evidence from Shanghai, China. *Sustainability*, 12.
11. Ma, S. (1984) The social-economic-natural complex ecosystem. *Acta Ecologica Sinica*.
12. Njøs, R. & S.-E. Jakobsen (2016) Cluster policy and regional development: scale, scope and renewal. *Regional Studies, Regional Science*, 3, 146-169.
13. Nurlanova, N. K., A. Tleuberdinova & N. Saparbek (2022) The main factors and trends of urbanization in Kazakhstan: Analysis and Recommendations. *Economics: the strategy and practice*, 17, 62-79.
14. Popescu, A. I. (2020) Long-Term City Innovation Trajectories and Quality of Urban Life.
15. Stat.gov.kz. 2023. Population of the Republic of Kazakhstan by gender and by type of area. Bureau of National Statistics Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan

16. Tan, C. Y., J. H. Wei, X. U. Tian-Shu, G. L. Chen, Y. H. Wang & S. F. University (2014) Urban Sprawl and Ecological Environment Dynamic of Resource-based City —A Case Study of Baotou. *Forest Inventory and Planning*.
17. Tan, Y., K. O'Connor & C. Westerman (2008) The making of knowledge cities: Melbourne's knowledge-based urban development experience. *Cities*, 25, 63-72.
18. Uzakova, S., A. Ospanova & G. Uzak (2022) Features of regional development projects problems: analysis based on central Kazakhstan monotowns. *Central Asian Economic Review*, 2, 104-115.
19. Wang, J., Z. Yang & X. Qian (2020) Driving factors of urban shrinkage: Examining the role of local industrial diversity. *Cities*, 99.
20. Zhang, J.-X., J.-W. Cheng, S. P. Philbin, P. Ballesteros-Perez, M. Skitmore & G. Wang (2023) Influencing factors of urban innovation and development: a grounded theory analysis. *Environment, Development and Sustainability*, 25, 2079-2104.
21. Асанова Г.Б., Нұрсейтова Г.Б. Қазақстан Республикасындағы моноқалаларды дамыту бағдарламаларын талдау. *Central Asian Economic Review*. 2022;(1):73-85.
22. Акбергенова А.К., Егембердиева С.М., Асанова А.А. Жезқазған моноқаласының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау. *Экономическая серия вестника ЕНУ имени Л.Н. Гумилева*. 2022; (4): 44-52

References

1. Alhaddi, H. (2015) Triple bottom line and sustainability: A literature review. *Business and Management Studies*, 1, 6-10.
2. Ari-Veikko, A. (2016) City-as-a-Platform: The Rise of Participatory Innovation Platforms in Finnish Cities. *Sustainability*, 8.
3. Barrado-Timón, D., A. Palacios & C. Hidalgo-Giralt (2020) Medium and Small Cities, Culture and the Economy of Culture. A Review of the Approach to the Case of Spain in Light of International Scientific Scholarship. *Sustainability*, 12.
4. Deng, Z. & Y. Chen (2020) RESEARCH ON PLACE-MAKING IN INNOVATION DISTRICTS. *City Planning Review*.
5. Dong & L. Jing (2014) Study on Innovation Factors of Industrial Transformation in the Old Industrial City. *Advanced Materials Research*, 962-965, 2529-2532.
6. Dutta, S., B. Lanvin & S. Wunsch-Vincent (2019) The global innovation index 2017. Cornell University, INSEAD, & WIPO (Eds.), *Global innovation index*, 1-39.
7. Elkington, J. (1998) Partnerships from cannibals with forks: The triple bottom line of 21st-century business. *Environmental Quality Management*, 8, 37-51.
8. Lauer, J. & I. Liefner (2019) State-Led Innovation at the City Level: Policy Measures to Promote New Energy Vehicles in Shenzhen, China. *Geographical Review*.
9. Li, H. & Y. Wu (2015) The Influence Factor and the Vision Design of the “Human Urbanization”: Observation of a Municipality Directly Under the Central Government. *Reform*.
10. Li, L. & X. Zhang (2020) Spatial Evolution and Critical Factors of Urban Innovation: Evidence from Shanghai, China. *Sustainability*, 12.
11. Ma, S. (1984) The social-economic-natural complex ecosystem. *Acta Ecologica Sinica*.
12. Njøs, R. & S.-E. Jakobsen (2016) Cluster policy and regional development: scale, scope and renewal. *Regional Studies, Regional Science*, 3, 146-169.
13. Nurlanova, N. K., A. Tleuberdinova & N. Saparbek (2022) The main factors and trends of urbanization in Kazakhstan: Analysis and Recommendations. *Economics: the strategy and practice*, 17, 62-79.
14. Popescu, A. I. (2020) Long-Term City Innovation Trajectories and Quality of Urban Life.
15. Stat.gov.kz. 2023. Population of the Republic of Kazakhstan by gender and by type of area. Bureau of National Statistics Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan
16. Tan, C. Y., J. H. Wei, X. U. Tian-Shu, G. L. Chen, Y. H. Wang & S. F. University (2014) Urban Sprawl and Ecological Environment Dynamic of Resource-based City —A Case Study of Baotou. *Forest Inventory and Planning*.
17. Tan, Y., K. O'Connor & C. Westerman (2008) The making of knowledge cities: Melbourne's knowledge-based urban development experience. *Cities*, 25, 63-72.
18. Uzakova, S., A. Ospanova & G. Uzak (2022) Features of regional development projects problems: analysis based on central Kazakhstan monotowns. *Central Asian Economic Review*, 2, 104-115.
19. Wang, J., Z. Yang & X. Qian (2020) Driving factors of urban shrinkage: Examining the role of local industrial diversity. *Cities*, 99.
20. Zhang, J.-X., J.-W. Cheng, S. P. Philbin, P. Ballesteros-Perez, M. Skitmore & G. Wang (2023) Influencing factors of urban innovation and development: a grounded theory analysis. *Environment, Development and Sustainability*, 25, 2079-2104.
21. Assanova G.B., Nurseitova G.B. Analysis of programs for the development of singleindustry towns in the Republic of Kazakhstan. *Central Asian Economic Review*. 2022;(1):73-85.
22. Akbergenova A.K., Egemberdieva S.M., Asanova A.A. Assessment of sustainable socio-economic development of Zhezkazgan monocity. *Economic series in the journal L.N. Gumilyov ENU*. 2022; (4): 44-52.

Авторлар жөнінде ақпарат:

Турданова Малика Сахатбековна – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.почта: turdanovams@gmail.com);

Мұздыбаева Қарлығаш Қаманаевна – география ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.почта: muzdybayeva.k@gmail.com);

Искакова Райхан Тілектесқызы – аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.почта: rtiskak22@gmail.com);

Акбар Иманалы (корреспонденттік автор) – PhD докторы, аға оқытушы, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан, эл.почта: yimanaili_akebaier@yahoo.com);

Information about authors:

Turdanova Malika Sakhatbekovna – Doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: turdanovams@gmail.com);

Muzdybayeva Karlygash Kamanaevna – Candidate of Geography, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: muzdybayeva.k@gmail.com);

Iskakova Raikhan Tilettesovna – Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: rtiskak22@gmail.com);

Akbar Imanaly (corresponding author) – PhD, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: yimanaili_akebaier@yahoo.com).

*Келіп түсті: 12 ақпан 2024 жыл
Қабылданды: 14 мамыр 2024 жыл*